АТЫРАУ ОБЛЫСЫ
АТЫРАУ ҚАЛАСЫНЫҢ
ӘКІМДІГІ

АКИМАТ
ГОРОДА АТЫРАУ
АТЫРАУСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫ

20 24 жылғы « 26 » қаңтар
Атырау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 157
город Атырау

012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» бағдарламасы бойынша қаражат бөлу туралы

Қазақстан Республикасы Бюджет кодексін, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабын басшылыққа алып, Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2015 жылғы 7 қарашадағы №890 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың, оларды оқшаулау және жою жөніндегі іс-шаралардың орын алғанын, төтенше жағдайдың құқықтық режимін қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды өткізу қажеттілігін негіздейтін материалдарды, материалдық-техникалық, қаржылық және адами ресурстардың тиісті негіздемелерін ұсыну қағидаларын және тізбесін бекіту туралы» бұйрығы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі №325 «Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың резервтерін пайдалану қағидаларын бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы» қаулысы негізінде және Атырау қаласы әкімінің 2024 жылғы 22 қаңтардағы №5 «Жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы» шешіміне сәйкес, Атырау қаласында ағымдағы жылдың қаңтар айында Қайыршақты ауылына қарасты Жұлдыз шағын ауданында жер асты суларының көтерілуіне байланысты, аталған елді-мекенде тұрғын үйлердің аулалары суға толып, тұрғын үйлеріне әр түрлі сипатта зиян келтіріліп, төтенше жағдайды жоюға және келтірілген залалды қалыпқа келтіру жұмыстарына сай қаражат көзін төлеу мақсатында, қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Атырау қалалық қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі 012 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының резерві» 100 «Ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумағындағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға арналған ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) жергілікті атқарушы органының төтенше резерві» бағдарламасынан «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы

000629

Сериялық нөмірі бланк ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНЫЛАДЫ. Қолмен бояуға немесе мәтін енгізуге мүмкіндік жоқ.
Бланк бланкінің сериялық нөмірінен БЕКІТІЛІНЕДІ және ЕСЕПКЕ АЛЫНАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСТВИТЕЛЕН. Ввод при служебной необходимости является в ограниченном количестве.
ЗАПРЕЩЕНО и УЧИТЫВАЮТСЯ в установленном порядке.

және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесіне суды азайту іс-шараларын өткізуге Қайыршақты ауылдық округі әкімінің аппараты үшін 121 «Әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою үшін жергілікті атқарушы органның төтенше резерві есебінен іс-шаралар өткізуге арналған мемлекеттік басқарудың басқа деңгейлеріне берілетін трансферттер» бағдарламасына 358 785 600 (үш жүз елу сегіз миллион жеті жүз сексен бес мың алты жүз) теңге қаражат бөлінсін.

2. «Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы және тұрғын үй инспекциясы бөлімі» мемлекеттік мекемесі және «Қайыршақты ауылдық округі әкімінің аппараты» осы қаулының 1-тармағынан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау қала әкімінің орынбасары Е.Умаровқа жүктелсін.

Қала әкімі **Ш.Кейкин**